



Жалағаш ЖАРШЫСЫ



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық ағемімізі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Сапар

Ауданның негізгі көрсеткіштері сараланды

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев пен облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов, ел ағалары Серік Дүйсенбаев, Өмірбек Шәменов, Еңбек Ері Имамзада Шағыртаев ауданға жұмыс сапарымен келді. Сапар аясында облыс әкімі ең алдымен жаңадан салынып жатқан теміржол вокзалындағы жұмыс барысымен танысты.



Бүгінде Мемлекет басшысының тапсырмасымен елімізде 124 вокзал жаңғыртылуда. Осы қатарға былтыр Нұрлыбек Машбекұлы аудан орталықтарындағы және Төретам, Сексеуіл станцияларындағы, яғни аймақтағы барлық вокзалды, Жаңақорған ауданындағы Талап бекетінің платформасын енгізген болатын.

Құрылысы өткен жылы басталған Жалағаш вокзалына 755,7 млн теңге бөлінген. Жобаның бас мердігері «Р и А Сервис ЛТД» ЖШС құрылыс-монтаждау жұмыстарын қарқынды жүргізуде. Атап айтқанда, жолаушылар алаңына төсеніш тас төсеу және ғимараттың шағын жабу толық аяқталған. Қазір нысанның ішкі қабырғаларын әрлеу, сыртқы қасбетін қаптау және аумақты абаттандыру жұмыстары қолға алынған. Жаңа теміржол вокзалы аудан тұрғындары мен жолаушыларға сапалы қызмет көрсететін, аймақтың көлік инфрақұрылымын дамытуға оң ықпал ететін нысан бола мақ.

Сондай-ақ заманауи талаптарға сай салынып жатқан вокзал Жалағаштың сәулеттік келбетін айшықтайтын көрікті ғимараттың біріне айналмақ. Осы ретте аймақ басшысы жауапты сала басшылары мен мердігер мекеме өкiлдерiне құрылыс сапасына ерекше назар аударуды, нысанды белгіленген мерзімде пайдалануға беруді тапсырды. Мұнан кейін облыс әкімі Мұрат Нәлқожаұлы «Руханият» орталығында ау-

дан активімен кездесіп, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен алдағы міндеттерді талқылады. Қаракеткен ауылында іске қосылған «Харвест Агро» агроиндустриалды кластерінің алғашқы кезеңі – аудан экономикасына айрықша серпін беретін жоба. Осы ретте аймақ басшысы аудан әкімдігіне қолдау мүмкіндіктерін тиімді пайдалануды, инвестицияның басқа да көздерін іздестіруді, салық базасын ұлғайтуды тапсырды. Шаруашылық құрылымдарымен бірге каналдарды бетондау жобаларын әзірлеу, оларды тез арада қаржыландыруға ұсыну, суды аз қажет ететін дақылдар көлемін ұлғайту да назардан тыс қалмауы қажеттігін қаперге салды.

Сонғы төрт жылда ауданда 192 пәтер салынды. Облыс әкімі жиында аталған салаға жетекшілік жасайтын аудан әкімінің орынбасары мен құрылыс бөлімінің басшысына әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлердің сапасын да қатаң бақылауды тапсырды.

Мұнан бөлек басқосуда газдандыру жұмыстары да талқыланды. Бүгінде ауданда газдандыру деңгейі 53 пайызға құрайды. 2024 жылы Ақсу, Мөрәлі Шәменов елді мекендері газге қосылды. Бұған бюджеттен 1 млрд 83 млн теңге бөлінген. Қаракеткен, Далдабай елді мекендерін газдандыру жұмыстарына демеушілер есебінен жоба-сметалық

құжат әзірленген. Мемлекеттік сатып алу конкурсы өтіп, мердігер мекеме болып «Сырэнергострой» ЖШС анықталған. Сонымен қатар Бұқарбай батыр елді мекенін газдандыру жұмыстарына 1 млрд 329,7 млн теңгеге демеушілік есебінен құжаттар әзірленген. Қазір қаржыландыру үшін салалық басқармаға бюджеттік өтінім берілген. Сондай-ақ Аққум мен Мәдениет ауылдарына да газ тартуға жоба дайындауға демеушілерді тарту тапсырылды.

Ауданда электр желілерінің жалпы ұзындығы 457,5 шақырымды құрайды. 2024 жылы Мырзабай ахун, Темірбек Жүргенов, Есет батыр елді мекендерінің электр желілерін қайта жаңғырту жұмыстарына бюджеттен 922 млн теңге бөлініп, пайдалануға берілген болатын. Аталған жобалар нәтижесінде ауданда электр жүйесінің тозу деңгейі 40 пайызды құрап отыр.

Мәжілісте электр желілеріндегі апатты болдырмаудың жедел шараларын қабылдау, тұрмыстық қатты қалдықтарды тиімді басқару мәселелері де талқыланып, тиісті тапсырма берілді.

Жалағаш ауданында өнеркәсіп өнімдерін өндіру көлемі 120 пайызға орындалып, 12 млрд 269 млн теңгенің өнімі өндірілді. Ал инвестиция көлемі 8 млрд 290 млн теңге болып, есепті кезеңмен салыстырғанда 122,7 пайызға жетті. Ауыл шаруашылығы саласында да өсім

бар. Нақтырақ айтсақ, биыл жалағаштық шаруалар 42 178 гектарға егін екті, күршіс көлемі – 16 800 гектар. Ауданда 2 531 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркелсе, оның 97,3 пайызы тұрақты жұмыс істеп тұр.

Мұнан кейін аймақ басшысы «Руханият» орталығында орналасқан жастар ресурстық орталығында ауданның белсенді жастарымен кездесті. Ең алдымен ұстаздар қауымы «Bilim Klass», «Eduoox», «Адал бала», «Top» платформаларымен және ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған құрылғы, ақылды ит, және ағаштан жасалған қолөнер бұйымдарымен таныстырды. Мұнан бөлек түрлі бағытта жетістікке жетіп жүрген озат оқушылар өздерінің тың жобаларын көрсетті.

– Жалпы Жалағаш ауданының жастар ресурстық орталығының мамандары жастар саясатын жүзеге асыру бойынша тұрақты түрде жұмыс жасап келеміз. Жыл басынан бері 100-ге жуық шара өткізіліп, оған 2 мыңға жуық жас қатысты. Жалпы аудан жастары өте белсенді. Мәселен бүгінгі кездесуге келген жастардың арасында әртүрлі спорт бойынша еліміздің мақтанышына айналып, Азияны, әлемді бағындырған спортшылар мен ұлттық бірыңғай төстілеуде жоғары балл жинаған жастар жиналды. Жақында ғана Таң ауылындағы №118 орта мектептің түлегі «Алтын белгіге» үміткер Гүлсезім Сәдуақасовтың қарындасымыз ҰБТ-дан 137 балл жинап, аудан абыройын асқатқатты. Тағы бір айта кететін жағдай, жақында ғана Астана қаласында «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы аясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жастармен кездесіп, еліміздің тазалығы мен көркеюіне үлес қосқан бірқатар ерікті жасты марапаттаған болатын. Солардың қатарында ауданымыздың белсенді жасы Құралай Аймуратқызы есімді қарындасымыз да бар, – деді аудандық жастар ресурстық орталығының директоры Өзбәлі Төлеу-тай.

Мұнан әрі сапар Мөрәлі Шәменов, Қаракеткен, Аққум ауылдарында жалғасты. Елді мекендердің тыныс-тіршілігімен танысқан аймақ басшысы тұрғындардың ұсыныс-пікірлері мен талап-тілегін тыңдап, көтерілген мәселелерді назарға алды.

Сезім НҰР

Жалпыхалықтық референдумда қабылданған Конституция – Қазақстанның басты заңы. Ата Заң халқымызды әлемдік өркениеттің жаңа белестеріне бастайды. Мемлекет басшысы да технологиялық жетістіктер, саяси дүрбелеңдер, әскери қақтығыстар белең алып жатқан қазіргі дәуірде негізгі заңымыздың жол нұсқаушы теміржолы ретіндегі маңызы еселене түсетінін атап өтті. Енді Конституция 1 шілдеден бастап күшіне енеді. Ал тамызда бір палаталы Құрылтай сайлауы өтеді, қыркүйекте Қазақстан Халық Кеңесі құрылады. Біз осындай нақты қадаммен ауқымды өзгерістер кезеңіне жол ашқалы отырмыз.

Жаңа Конституция – Қазақстанның басты заңы



Иә, біз заңға құрметпен қарау, қоғамдық тәртіпті нығайту стратегиясын қолдаймыз. Кешегі референдум нәтижесі де қоғамның саяси реформаларды қолдайтынын анық көрсетті. Азаматтардың 87 пайыздан астамы жаңа Конституцияны қолдап дауыс берді. Бұл қоғамның мемлекеттік жүйені жаңғыртуға дайын екенін білдіреді.

Шындығында, референдум қорытындысын саяси модернизацияға берілген мандат деуге болады. Елдегі 8 миллион азамат Қазақстан болашағын бірге қалыптастыруға дайын екенін көрсетті. Расында жаңа Конституцияның басты қағидаты – адам құқығы.

Бұл Конституцияның негізгі принципі «мемлекет адам үшін қызмет етеді» дегенге саяды. Мұны тек декларация деп қарамау керек. Шындығында, бұл – бүкіл құжаттың өзегі. Енді құқықтар мен бостандықтарды қорғау күшейтіледі, заң үстемдігі нақты бекітіледі, азаматтарды негізсіз қысымнан қорғайтын қосымша кепілдіктер енгізілмек.

Конституция бір жағынан білім, ғылым және технологиялық даму бағыттарына ерекше басымдық береді. Бұл елдің уақыткерімді бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін негізгі фактор десе де болады. Сонымен қатар қоғамның саяси мәдениеті де өзгеріп жатқанын біз қазірден бағамдап отырмыз. Мұның бір айғағы, қазір азаматтар мемлекеттік шешімдерге белсенді араласуда. Конституция жобасын талқылау барысында да мыңдаған ұсыныс түскен. Бұл қоғамның саяси тұрғыдан жетіліп келе жатқанын білдіреді.

Жаңа Конституция осы үрдісті одан әрі күшейтеді деп сенеміз. Мәселен, өкілді органдардың рөлі артып, мемлекет пен қоғам арасындағы диалог кеңеймек. Қазірдің өзінде халық қалаулылары жаңа Конституция күшіне енген күннен бастап өңірлердің маңызы артатынын айтады. Бұған мәслихат депутаттарының рөлі күшейетініне айқын дәлел болмақ. Өйткені дәл осы деңгейде мемлекет пен халықтың тікелей байланысы қалыптасады. Олар азаматтардың мәселелерін көтеріп, бюджеттерді талқылап, инфрақұрылымдық жобаларды бақылап отырады. Бір жағынан олардың жауапкершілігі де артамақ.

Енді жаңа Конституция шеңберінде сайлау жүйесі өзгереді. Елде аралас модель енгізіледі. Тарқатып айтсақ, Парламентте пропорционалды жүйе, ал өңірлерде мажоритарлық жүйе сақталады. Шындығында, бұл – теңгерімді модель. Бір жағынан партиялардың рөлі күшейсе, келесі кезекте депутаттардың халық алдындағы жеке жауапкершілігі сақталмақ. Нәтижесінде саяси жүйенің ашықтығы мен тиімділігі арта түседі.

Енді саясат кезең-кезеңімен кәсіби салаға айналады. Кандидаттардан тек танымалдық емес, нақты білім, тәжірибе және жауапкершілік талап етіледі. Мәслихаттар болашақ саяси көшбасшыларды қалыптастыратын маңызды алаңға айналады. Ал жергілікті өкілді органдар бұл бағытта белсенді жұмыс істеуі керек.

Жаңа Конституция қабылданғаннан кейінгі басты кезең – оны іс жүзінде жүзеге асыру. Алдағы уақытта жүзден астам заңға өзгеріс енгізіледі. Сонымен қатар жаңа сайлау кезеңі басталып, бір палаталы Парламент, яғни Құрылтай қалыптасады. Бұл саяси партиялар үшін де үлкен жауапкершілік кезеңі болмақ.

Иә, жаңа Конституцияны «халықтық құжат» деп атауға толық негіз бар. Олай дейтініміз, енді Конституцияға өзгердістер тек бүкілхалықтық референдум арқылы енгізіледі. Бұл – саяси жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды кепіл. Мемлекеттік шешімдер ашық әрі институционалды түрде қабылданады. Ал жаңа мемлекеттік басқару жүйесін жаңа деңгейге көтермек. Бір жағынан Парламент, мәслихаттар мен партиялардың рөлі күшейсе, келесі кезекте азаматтар референдум және «Халық кеңесі» сияқты құралдар арқылы шешім қабылдауға тікелей қатыса алады. Міне, осы тұрғыда Бұл – халықтық Конституция.

Жаңа Конституцияның күшіне енуіне бір айдай уақыт қалды. Бұл құжат мемлекет дамуының жаңа кезеңін айқындап, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды негізгі басымдық ретінде бекітпек. Конституцияның 1-бабында адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің ең қымбат қазынасы екені нақты көрсетілген. Бұл қағида мемлекет қызметінің түпкі мақсаты адамды қорғау, оның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету және қоғамдағы өмір сапасын арттыру екенін білдіреді.

Осы қағидаға сәйкес, енді мемлекеттік органдар қабылдайтын барлық шешімдер ең алдымен азаматтардың мүддесі мен игілігін ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс, яғни мемлекеттік басқару жүйесінің барлық бағыты адам факторы мен оның әл-ауқатына негізделмек. Жаңа Конституция елдегі құқықтық мемлекет қағидаттарын нығайтып, азамат пен мемлекет арасындағы өзара жауапкершілікті күшейтуге бағытталған.

Өмірбек ЖАҚСЫЛЫҚ,
Жалағаш аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасының басшысы

Салтанатты шара

Мемлекеттік рәміздер – елдігіміздің айғағы



Бейсенбіде 4 маусым – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күніне орай Жалағаш ауданында салтанатты жиын өтті. Ел егемендігінің айғағы саналатын атаулы мерекеге орай ұйымдастырылған іс-шараға аудан әкімі Ардақ Ибраимов қатысып, көпшілікті айтулы мерекемен құттықтады.

Орталық алаңдағы салтанатты жиын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын орындаумен ашылды. Жиында аудан әкімі мемлекеттік рәміздердің тәуелсіз мемлекетіміздің берік тұғыры, елдігіміздің басты нышаны екенін атап өтті. – Мемлекеттік Әнұранымыз, Көк Туымыз және Елтаңбамыз – халқымыздың бірлігі мен берекесінің, елдігіміз бен егемендігіміздің айқын белгісі. Бұл рәміздер ұлт рухын асқақтатып, жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелейді. Мемлекеттік рәміздеріміз әрдайым биік-теп, Тәуелсіз Қазақстанның абыройын асқақтай берсін! – деді Ардақ Ибраимов. Мемлекеттік рәміздер – ел тарихынан тереңнен сыр шертетін қасиетті нышан.

Бүгінгі тәуелсіздіктің ғана емес, сонау ғасырлардан жалғасқан елдік сананың көрінісі.

Қазақ халқы тарихтың әр кезеңінде нәбір сындарлы оқиғаларды бастан өткерді. Өткенді парақтасақ, XVIII ғасырлардағы жоңғар шапқыншылығы, ел қорғау жолындағы тұт көздер – халықтың бірлік пен тұтастыққа ұйысқан шағы. Сонау ХХ ғасыр басындағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс, одан кейінгі аласапыран жылдар мен ашаршылық кезеңі ел жадында ауыр із қалдырған тарихи белестер еді. Бірақ қандай қиындық болса да, халықтың азаттыққа деген үміті сөнген жоқ. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы жас ұрпақтың ұлттық намысы мен еркіндікке деген

ұмтылысының жарқын көрінісі ретінде тарихта қалды. Бұл оқиға тәуелсіздікке бастар рухани жолдың бастауы болды. Ақыры 1991 жылы Қазақстан Тәуелсіздігін жариялап, 1992 жылы 4 маусымда Мемлекеттік Ту, Елтаңба және Әнұран ресми түрде бекітілді. Бұл – жоғарыда айтылған ғасырлар бойғы арманның жүзеге асқан, жаңа мемлекеттің бет-бейнесі айқындалған тарихи сәт.

Елдік нышандар – бүгінгі Тәуелсіздіктің ғана емес, сонау ғасырлар қойнауынан жалғасқан ұлт рухының, ата-баба өрлігінің заңды жалғасы. Көк ту астында бой көтерген әрбір азамат сыртқа шыққанда жүрегіне мақтаныш ұялатары сөзсіз. Бұл – кездейсоқ сезім емес, ел үшін найзасын жалаңдатқан батыр бабалардың, жер мен ел үшін жанын қиған ерлердің аманаты. Қазақтың кең даласында «ел боламыз» деген арманды арқалаған талай ұрпақтың үміті бүгінгі рәміздер арқылы қайта жаңғырып отыр. Сондықтан Ту, Елтаңба, Әнұран – тек белгі емес, тарихтың тынысы, ұлттың жүрегі, ұрпаққа қалған қасиетті мұра.

Гүлжан ЕСЖАН

Ауыл келбеті

Салаға серпін берген спорт мектебі



Соңғы жылдары елімізде спорт саласын дамытуға ерекше көңіл бөлініп келеді. Бұған көп орталығында жаңадан бой көтерген спорт нысандары мен үйірмелер санының артуы дәлел. Аудан спортшылары облыстық, республикалық жарыстарда топ жарып, жеңіс тұғырынан көрініп жүр. Бұл тұста жастардың бос уақытын тиімді өткізуге сеп болған үйірме мен спорт мектебінің үлесі басым екені даусыз. Аудан орталығынан бөлек ауылдарда да түрлі спорттық үйірмелер жұмыс жасап, ауыл балаларының спортпен тұрақты шұғылдануына қолайлы жағдай жасалып келеді. Мәселен, былтыр спорт күні қарсаңында Аққыр ауылында «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қаржыландыруымен спорт мектебі пайдалануға беріліп, ел игілігіне қызмет ете бастады. Жуырда шалғай ауылға жасаған сапарымызда спорт мектебіне аялдап, бүгінгі тынысымен таныстық.

Ауыл әкімінің міндетін уақытша атқарушы Заманбек Жақсылықтың айтуынша, ангар типтес спорт көшені Мәдениет ауылындағы №14 балалар-жасөспірімдер спорт мектебіне қарайды. Заман талабына сай бой көтерген нысанда ауыр атлетика мен еркін күрес үйірмесі жұмыс жасайды. Еркін күрес үйірмесінің жаттықтырушысы Бекнұр Тойғазының сөзінше, үйірме жыл басында ашылған 42 ауыл баласы аптасына 4 рет осында келіп, үйірмеге қатысады. Оның 8-і – қыз бала.

– Үйірмеге 8-9 жастан бастап қабылдаймыз. Өзіңіз білетіндей, үйірме жыл басында ғана ашылып, өз жұмысын бастады. Алғашқы күннен-ақ үйірмеге қатысуға ниет білдірген балалар саны көп болды. Бұл ауыл жастарының спортқа деген қызығушылығы жоғары екенін көрсетеді. Алдағы уақытта шакирттерімізді аудандық, облыстық жарыстарға қатыстырып, жақсы нәтиже көрсетуге күш саламыз, – дейді жаттықтырушы.

Үйірмеге қатысқанына көп болмаса да, жас спортшылар алғашқы жетістіктерін жиіп үлгерген. Жаттықтырушы Бекнұрдың айтуынша, жақында шакирттері Қазақстанның құрметті спорт қайраткері, еркін күрестен КСРО спорт шебері, ұлағатты ұстаз Алтынбек Әсірәтовті еске алуға арналған еркін күрестен 2014-2015 жылы және 2016-2017 жылы туған жасөспірімдер арасында өткен аудандық ашық турнирге қатысқан. Нәтижесінде 20 келі салмақ дәрежесінде Илияс Төлеген I орынға ие болса, Айбар Нұрпейіс II орынды еншілеген. Ал 23 келі салмақта Ахметсафа Тұрсынмұрат III орын, 28 келі салмақта Даниал Ұлықбек қарсылас шақ келтірмей, I орын иеленген. Сондай-ақ Хансұлтан Зейнолла 35 келі салмақ дәрежесінде белдісіп, үздік үштікті түйіндеді.

Жас спортшылардың жетістігі мұнымен шектелмейді. 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай 2016-2017 жылы туған жасөспірімдер арасында өткен қалалық ашық біріншілікке де

аққырлық палуандар жүлделі орын иеленген. Атап айтсақ, Наурыз Сәбит 55 келі салмақ дәрежесінде бақ сынап, II орынға тұрақтаса, Даниал Ұлықбек 29 келі салмақта күресіп, қола жүлдені қанағат тұтты.

Білікті бапкермен екеуара әңгіме-мізді дәл сол сәтте бозкілемде жаттығып жатқан жас палуандардың қызу дайындығы бөлі. Бір-бірімен белдескен олар бапкерінен үйренген әдіс-тәсілдерді іс жүзінде көрсетіп, өзара тәжірибе алмасуда. Олардың әр қимылынан жеңіске деген жігер мен спортқа деген қызығушылықты анық аңғардық.

Үйірме қатысушыларының арасында ең ішкентай спортшының бірі – Илияс Төлеген. Ол был 2 сыныпты бітірген. Үйірме ашылағалы сабақтан тыс уақытын осында өткізеді. Ол сұхбат барысында «көлемдік деңгейдегі жарыстарда жеңіс тұғырынан көрініп, елімізді көк туын желбіреткім келеді» деді.

Айта кетейік, жас спортшыларды жаттықтыратын білікті бапкер Бекнұр Тойғазы бүгінге дейін бұл спорт түрінен айтарлықтай жетістікке қол жеткізген. Ол еркін күрестен өресектер арасында Қазақстан чемпионатының қола жүлдегері болса, жасөспірімдер арасындағы Қазақстан чемпионатында күміс жүлдеге қол жеткізген. Сондай-ақ спортқада ойындары мен ауыл спортшылары арасында өткен Қазақстан чемпионатының да қола жүлдегері атанған. Тәжірибелі бапкерден тәлім алып жүрген ауыл балаларының спорттағы болашағы зор деген ой түйдік.

Бұдан бөлек спорт мектебінде ауыр атлетика үйірмесі де бар. Үйірмені ауыр атлетикадан Қазақстан чемпионатының күміс жүлдегері Шерхан Әбілтай жүргізеді. Қатысушылар аптасына 4 рет келеді. Қазіргі таңда мұнда 28 оқушы бар.

Бірлікпен тірлігін түзеген Аққыр ауылынан бүгінге дейін талай сайыпқыран спортшылар түлеп ұшып, ауданның ғана емес, облыс пен республика намысын абыроймен қорғап келеді. Олардың жетістігі ауыл жастарына үлгі болып, спортқа деген қызығушылығын артуына сеп болған. Мәселен, осы ауылдың тумасы, Қазақстан Республикасының спорт шебері Жеңісбек Жақсылық пен Тілеген Тынарбай – спорт саласының дамуына өзіндік үлес қосып жүрген саңлақтар. Жеңісбек Жақсылық – дзюдодан Қазақстан Республикасының бес дүркін чемпионы, жастар арасында Азия чемпионы, Еуропа кубогінің алты дүркін, Азия чемпионатының екі дүркін чемпионы. Сондай-ақ Әлем чемпионатының қола жүлдегері.

Ал Тілеген Тынарбай – дзюдодан Азия кубогінің үш дүркін чемпионы, Қазақстан Республикасы чемпионатының екі дүркін чемпионы. Сондай-ақ ол Тайвань мемлекетінің астанасы Тайбэй қаласында жасөспірімдер және жастар арасында өткен Азия чемпионатында топ жарып, жеңімпаз атанған.

Сондай чемпиондар шыққан ауылдан алдағы уақытта ел намысын қорғайтын талантты спортшылар көптеп шығарына сенім мол.

Сезім НҰР

Бәрекеді!

Азияны бағындырған Кәусар

Жуырда Алматы қаласында гандболдан U16 бірінші Азия чемпионаты өтті. Байрақты бәсекеге Қытай, Өзбекстан, Иран, Гонконг, Қырғызстан және Қазақстан мемлекеттерінің спортшылары қатысты. Аталған ойында Қазақстан ұлттық құрамасында аудандық №14 балалар жасөспірімдер спорт мектебіндегі гандбол үйірмесінің қатысушысы Кәусар Алматызы да өнер көрсетті.

Үшінші орын үшін өткен тартысты кездесуде Қазақстан құрамасы Иран спортшыларын 42:35 есебімен жеңіп, Азия чемпионатының қола жүлдесіне қол жеткізді. Ал финалда Өзбекстан мен Қытай құрамалары өзара мықтыны анықтап, нәтижесінде Қытай спортшылары 42:25 есебімен жеңіске жетіп, чемпион атанды. Ал Өзбекстан құрамасы күміс жүлдені қанағат тұтты.

Кәусардың айтуынша, бұл жарысқа дайындық ұзақ уақыт бойы үздіксіз жүргізілген. Чемпионаттағы әрбір ойын жоғары деңгейде өтіп, қарсыластар да осал болмаған. Соған қарамастан ол қарсылас қақпасына 3 гол соққан. Жарыс барысында шеберлігімен ерекшеленіп, команданың жеңісіне елеулі үлес қосқан Кәусар халықаралық дәрежедегі спорт шебері атағына ие болды.

Кәусар гандбол үйірмесіне 10 жасында, яғни 5-сыныпта оқып жүрген кезінде келді. Оны бұл спорт түріне дәне шынықтыру пәнінің мұғалімі Нұрлыбек Ахметов мектеп лигасында дайындық барысында әкелген. Сол уақыттан кейін ол «Наркескен» спорт клубындағы қолдоби үйірмесіне тұрақты түрде қатысқан.

Кәусар 2025-2026 оқу жылының II тоқсанына дейін аудан орталығындағы Ш.Ермағанбетова атындағы №246 орта мектепте білім алғанын айтады. Біліммен қатар спортта ерекше көзге түскен ол II тоқсаннан бастап Қызылордадағы Жалпаңтас Баһадүр атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернатта білімін жалғастыруда.

– Бұрын-соңды атын естіп көрмеген таңсық спорт түрі болса да мектеп лигасынан кейін «Наркескен» спорт клубына келіп, жаттықтырушы Жасұлан Сержанов ағаймен таныстым. Алғашқы күннен жылы шыраймен қарсы

алған ол ойынның қыр-сырын түсіндіріп, жаттығудан қалмауға кеңес берді. Маған гандбол өте жылдам әрі тартысты ойын болғандықтан қатты ұнайды. Бұл ойын командалық спорт болғандықтан өте қызықты. Себебі ойын барысында әрбір спортшы бір-біріне қолдау көрсетіп, ортақ мақсатқа жету үшін күш біріктіреді. Сонымен қатар гандбол адамның күш-қуатын арттырып, төзімділігін шыңдайды және жылдам шешім қабылдауға үйретеді. Сондықтан бұл спорт түрі мен үшін өте ерекше, – дейді Кәусар Алматызы.

Уақыт өте келе тыңғылықты үздіксіз дайындықтың арқасында аудандық гандбол құрамасына қосылған ол 2023 жылы Ким Вячеслав Чан Себовичтен және Ольга Егунуовадан облыстық «Кәусар» командасына шақырту алған. Нәтижесінде бүгінге дейін аталған құрама атынан бірнеше ойында топ жарып, аймақ абыройын асқақтатқан. Ал былдан бастап ҚР Ұлттық құрамасында ойнал келеді.

– U16 Азия чемпионатында біз Қытай құрамасының ойыншыларымен жақсы араластық. Жарыс кезінде бір қонақ үйде, тіпті бір қабатта тұрғандықтан жиі кездесіп, әңгімелестік. Бос уақыттарда бір-бірімізбен танысып, пікір алмасып, уақытты жақсы өткіздік. Бұл жарыс бізге тек спорттық тәжірибе ғана емес, сондай-ақ басқа елдің спортшыларымен достық қарым-қатынас орнатуға да үлкен мүмкіндік сыйлады. Сондықтан Азия чемпионатындағы сол күндер ерекше есте қалды, – дейді жас спортшы.

Мұнан бөлек кейіпкеріміз сұхбат барысында 2008 жылы туған спортшылар арасында Алматы қаласында өткен жарыста орын алған ерекше оқиғаман бөлісті. Сөзіне сәнсек, олар жартылай



финалда Астана командасын жеңіп, финалға жолдама алған. Ал ақтық мәреде Алматы құрамасымен кездесіп, тартысты ойында нәбәрі екі доп айырмасымен есе жіберген. Ал Астана командасы Алматы құрамасының спортшыларын жеңген. Осылайша үш команданың ұпайлары теңесіп, жарыс ережесіне сай қосымша көрсеткіштер есептеліп, қорытындысында Алматы командасы чемпион атанған. Ал кейіпкеріміз өнер көрсеткен «Кәусар» командасы II орынды иеленіп, Астана құрамасы III орынға тұрақтаған.

Спортшы қыз «бүгінге дейін жеткен жетістігім ата-анамның қолдауы мен жаттықтырушы Жасұлан ағайдың арқасында, қаншама қиындықты сол кісілермен еңсердім» дейді.

– Қызым үшін үнемі алаңдап, аман-дәйым тілеп отырамын. Оның спорт саласында жүргеніне шыны керек, қуаныштымыз. «Баласы көкпар шапса, анасы үйде отырып тақымын қысады» демекші, өкесі екеуіміз қызымыз қандай жарысқа кетсе де жеңіспен оралуын ті-

леп отырамыз. Қызымыздың болашағын үлкен үміт күтеміз, – дейді анасы Зухра Ақылбекқызы.

Жас спортшының алға қойған мақсаты айқын. Ол гандболмен тұрақты айналысып, өзін жан-жақты дамытуда кездейді. Түрлі деңгейдегі жарыстарға қатысып, шеберлігін шыңдап, жоғары нәтижелерге қол жеткізуді мақсат етеді. Әрбір долада тәжірибе жинақтап, жетілдіру арқылы командасының жеңісіне өз үлесін қосуды қалайды. Сонымен қатар болашақта халықаралық жарыстарда ел намысын абыроймен қорғап, Қазақстанның көк туын биікте желбіретуді армандайды. Сондай-ақ бапкерінің жолын жалғап, ауданнан гандболшы қыздарды тәрбиелеу ойында бар.

Сұхбат соңында ел мерейін үстем етіп, аудан абыройын арқап жүрген жас спортшыға сәттілік және жеңіс тіледік.

Сееда ЖОЛАМАНОВА,
 Қорқыт ата атындағы
 Қызылорда университетінің
 Ж-25-5 оқу тобының студенті

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
 Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
 “Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
 Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
 Бас директор - 8(7242) 70-00-56
 Бас редактор - 32-0-41
 Бас редактордың орынбасары,
 жауапты хатшы,
 бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
 Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
 Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
 Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
 Тел.: 8(7242) 40-06-68.
 Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөміс 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2983 Тапсырыс №952

Бәрекеді!

Қолына найза ұстаған қайсар қазақ қыздары уақытында ерлігімен сары даланы дүбірлеткен. Баһадүр аналардың рухы ғасырлар қойнауында көмескіленіп қалмапты. Бүгінде бейбіт заманның бел ортасында сол дәстүрді спорт арқылы жалғап жүрген нәзікжанның бірі – Сезім Шығанбай. Найза лақтыруды өмірінің мәніне айналдырған ару Қазақстанның 8 дүркін чемпионы атанып, талай долада топ жарып жүр.

Сезімнің спорттағы алтын сәті



Сезімнің жұлдызы спортта жанды. Алтыншы сыныпты өнді тәмамдаған шағы, мектепшілік доданың ретімен орталық стадионға аяқ басқан. Көп есті бермейтін таңсық бағыт, бірақ Сезім үшін ерекше спорт болып көрінді. Алғашқы жеңісінен кейін қызығушылық пен бойды көреген қуаныштың қатар түскен тұсы. Қаптаған қатысушының ішінен болашақ чемпионды таныған қазіргі бапкері Жандос Қарақұлов. Кейін ізін қуалап, үйірмеге шақырды. Пендесіне бір жақсылық қаласа, себепті тосыннан ұсынатыны ғой. Бүгінгі даңғыл жолдың төрін сол кездегі жетекшілік қырағалықты байқап, қайран қаласың!

Сезім өткен айда Орталық Азия мемлекеттері арасында Ташкент қаласында өткен халықаралық жарыстан күміс жүлдемен оралды. Ондағы көрсеткіш – 42 метр. «Көрші елден келген қарсыластың тактикасы мүлде бөлек. Үйренетінім көп» дейді өзі. Сөзінен, білек бәйгесіне орын алу, жеңу секілді пайыммен бармайды. Бар мақсат – рекорд жаңарту. Десе де Қазақстан бойынша өз жас санатында ең жоғары көрсеткіштің бірі дәл осы жалағаштық Сезімге тиесілі.

Кейіпкеріміз елге табан тірегеннен кезекті жарысқа бет алды. Шымкент қаласында өткен 2011-2012 жылғы жасөспірімдер арасындағы ҚР біріншілігінде найза лақтыру сайысы бойынша 36.26 нәтижесімен бірінші орын иеленді. Бұған дейін де талай тартысты додадан ол жүлдесіз оралмаған. Ақпан айында Өскемен қаласындағы кіші жасөспірімдер мен қыздар арасындағы ел біріншілігінде 11.28 нәтижемен 3-орынды қанжылады. Жыл басы оңды басталып, наурыз айында Алматы облысында жеңіл атлетикадан лақтыру, спорттық жүру және тасқолда үлкен қашыққа жүгіруден Қазақстан біріншілігінде 37.20 нәтижемен 1-орын еншіледі.

Жетістік – тынымсыз жаттығудың арқасы. Ол қолға өзінен-өзі келе салған тегін дүние емес. Бүгін де кезекті сабақ кешкі аптыда басталған. Күннің шаршаған жылуы мен кештің салқын лөбі аралас. Бұл уақыттағы жаттығудың өз мінезі бар. Таңдайды сергек емес, бірақ ішкі қайсарлық күштірек. Найза қолда. Сыртта тыныштық. Тыныштықта да қозғалыс бар. Тыныштық – үнсіз дайындық. Сосын шешуші сәт. Қол серпіледі де, найза кешкі аспанды жарып өтеді. Жарыққа шағылысады да, алысқа қарай ұмтылады.

Сырт көзге бәрі оңай көрінгенімен, бұл спорттың өз талабы мен қиындығы бар. Жас ерекшелігіне қарай найзаның да сапмағы әртүрлі болады. Қазіргі таңда кейіпкерімізде 500 граммдық найза. Бірақ тек соған қарап ой түюге ерте. Себебі әрбір қимылдың дәлдігі маңызды. Жетілікті жылдамдықпен жүгіріп келу, дұрыс серпілу, қол қозғалысының нақтылығы, бәрі нәтижеге тікелей әсер етеді. Кей сәтте тіпті миллиметрлік айырмашылықтың өзі шешуші рөл атқарады.

Спорттағы тәртіп пен табандылықты өмірлік ұстанымымен ұштастырған жас спортшы алдағы күнге нық жоспармен қарап отыр. Бүгінде №14 аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебінде шыңдалып жүрген кейіпкеріміз болашақ бағытын да айқындап қойған. Ол ішкі істер саласында қызмет етіп, ел қауіпсіздігіне үлес қосқысы келеді. «Кішкентайымнан полиция қызметкерлерінің киім формасын көргенде ерекше әсер алатынымын» дейді ол. Сол қызығушылық уақыт өтсе жай балалық арман емес, саналы таңдауға айналыпты.

Бір кезде далада найза ұстаған батырлар ел шебін күзетіп, жердің әр қарысын жанымен қорғаған еді. Бүгінгі күннің батыр қызы найзасын жерге қадап, шекара күзетпесе де, елдің намысын жүрегінде ұстап жүр. Сезім бүгінде болашағына нық сеніммен қарап, үлкен мақсаттарға қадам басқан. Ал бүгінгі қадам – ертеңгі жеңістің бастауы.

Қарақат ӘБУБЕКОВА,
 Қорқыт ата атындағы
 Қызылорда университетінің
 Ж-25-3 тобының студенті

